




Ш513Каз5-4
(Абай)
12-582
K





Абай - кемел ойдың кеменгери



Властитель дум -
Абай



The acknowledged
intellectual
giant - *Abai*



115БКз/15-91

B-58

K

АЛМАТЫДАҒЫ ЮНЕСКО ӘҚІЛДІГІ
ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО ЮНЕСКО В АЛМАТЫ
UNESCO OFFICE IN ALMATY

*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
КІТАЛХАНАСЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ БИБЛИОТЕКА РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
NATIONAL LIBRARY OF KAZAKSTAN

Абай -
кемел ойдың
кеменгепі
(Әдебиет көрсеткіші)

Властиль дум -

Абай

(Указатель литературы)

The acknowledged

intellectual

giant - *Abai*

(Literature index)

Алматы - 1998

* * * АТАЛТАМАН

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы ЮНЕСКО-ның Қазақстандағы Әкілеттілігіне, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО істері жөніндегі Комиссиясына осы басылымның жарыққа шығуна көмегі үшін алғысын білдіреді.

* * *

Национальная библиотека Республики Казахстан благодарит Представительство ЮНЕСКО в Казахстане, Национальную Комиссию Республики Казахстан

по делам ЮНЕСКО за оказанную помощь в издании данного указателя.

* * *

The National Library of the Republic of Kazakhstan thanks the UNESCO office in Kazakhstan and the National Commission of the Republic of Kazakhstan on UNESCO affairs for the help given during the publication of the present index.

* * *

Кұрастырушылар:

Г.Жорабаева, К.Кыстаубаева, Н.Мұқанова

Редакторлары:

М.Төлешова, К.Бозымбеков

Составители:

Г.Джурабаева, К.Кистаубаева, Н.Муканова

Редакторы:

М.Тулемшова, К.Бозымбеков

Compilers:

G.Jorabaeva, K.Kistaubaeva, N.Moukanova

Editors:

M.Tuleshova, K.Bozymbekov

ISBN 9965-03-004-9

© Национальная библиотека Республики Казахстан,
1998г.

ЧУЗО28

Кодекстер
білімжүйесі

Абай - кемел ойдың кеменгері

Қазактардың төл тарихы сақтардан басталып, олардың үрпактары ғұндар, түріктер, қыпшақтар болып жалғасып жер бетінде 2500 жылға жуық, яғни 25 ғасыр өмір сүріп келе жатыр. Қазак жерінде алғашқы қалалардың салынғанына 15 ғасыр болыпты, ал енді тұтас ел, халық, мемлекет болып қалыптаса бастағанына 5,5 ғасырға жуық. Осы көрсетілген мерзімдер - біздің тарихи-мәдени кеңістігіміз. Осы ғасырлар аралығында талай тарихи оқиғалар бастан кешіріліп қазақ халқы мың өліп, мың тіріліп тарих көшінен қалмай үдайы ілгерілеп отырған.

Елінің тәуелсіздігін, жерін корғаған даңқты батырлар, кеменгер қолбасшылар, халықтың рухани өсуіне, мәдениетінің ғұлденуіне көсемдік көрсеткен, ақыл-ой, парасат, данышпан-дығымен үлгі, негіз болған ірі тұлғалар көп. Солардың ішінде Әл-Фараби, Ахмед Яссави, Абылай есімдері халық жадында мәңгіге қалған. Аталғандардың катарында АБАЙ - қазақ халқының болмысы мен рухын негұрлым толық көрсететін, осы халықтың бойына жинаған рухани қазынасын барша әлемге анықырақ айқындастын жеке-дара тұлға.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда Семей облысы, Шыңғыс тауында дүниеге келген. Руы - Аргын ішін-

де Тобыкты. Экесі Құнанбай Өскенбайұлы сол маңайдағы қазақ руладының ішіндегі беделді би, ел басқарған аға сұлтан, Меккеге барып қажы атанған адам. Ол туралы Адольф Янушкевич "Дневники и письма из путешествия по казахским степям" атты еңбегінде: "Қарапайым қара халықтан шыққан Құнанбай жаратылысынан ақылпарасат дарыған, керемет зерек, қара тілге шешен, байыпты, тыңғылықты кісі. Халқының қамын ойлап, оған жақсылық жасасам дейді. Елінің ежелгі жолжобасына, құранда жазылған шариғат жолына аса жүйрік, Россия өкіметінің қыргыздар жөніндегі заң ережелеріне өте жетік, қара қылды қақ жарған әділ, адал азamat. Құнанбай-халқының қамқоры. Жұрт пайғамбардай көреді. Сондықтан одан ақыл-кеңес алуға тіпті бір қырырдағы ауылдардан жас пен көрі, бай мен кедей ағылып келіп жатады", - деп жазады.

Өз әкесі туралы Абай "Кешегі өткен ер Әбіш" атты өлеңінде:

...Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал, шатакты,
Ерегескен жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған гаріп, жатақты.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты.
Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты.
Мекедеս уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шыракты.

*Бір құдайдың жолына,
Малды аямай булатты.-*

деп жазған. Абайдың анасы - Ұлжан Каракесек руынан, Құнанбайдың екінші өйелі. Ұлжан өте сабырлы, кең мінезді, сөзге үста, тапқыр, шешен кісі болған. Абай анасының осындай асыл қасиеттерін жастайынан бойына сініріп өскен.

Абай алғашқы білімді өз үйінде жалдама молдадан алады. Он жасында Семейдегі Ахмет Риза медресесіне окуға түседі. Ұш жылдай оқып, дін сабактарымен қатар тарих, поэзия, математика, философия пәндерінен де дәріс алады. Шығыстың ұлы классиктері Науай, Физули, Саади, Хафиз тағы басқалардың шығармаларын оқып танысады, соларға еліктеп қысқаша өлеңдер жаза бастайды.

13 жасқа толғанда мұсылманша үш жыл, орысша үш ай біліммен әкесі Абайды оқудан шығарып, ел басқару ісіне ара-ластыру үшін қасына алады. Әке еркімен ел ісіне жастай ара-ласкан Абай тез есейіп, бала-лықтан ерте арылып, жастайынан ел ішіндегі өңгіме, сөз өнерін, билердің шешендік сөздерін бойына сініре береді. Ел басқару ісіне араласкан Абай туған халқының тұрмысындағы сөулелі жөне көлеңкелі жақтарын түгел көріп, казақ өмірін жан-жақты таниды. Халық тұрмысын жақсартпақ ниеті нәтижеге жете бермейді, сондыктан халқына пайдалы деген істерін

көркем сөзбен, өсірсе өлеңмен насиҳаттамақ болады.

Экесінің ықпалымен ерте үйленген Абай ислам діні өдегұры бойынша үш өйел алған. Олардан он баласы болған. Абай балаларының оқып-білім алына тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Әбдірахман деген ұлы Москвада өскери оку орнында оқып, Алматыда өскери қызмет атқарып жүргендеге қайтыс болады. Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл деген балаларын ақындық өнерге баулып тәрбиеледі.

Баласы Ақылбай өлең жазумен қатар "Дағыстан", "Зұлыс" атты поэмалар тудырған. Баласы Мағауияның белгілі "Медғат - Қасым", "Еңлік-Кебек" атты поэмалары қазақ өдебиетінің поэма жанрының қалыптасуына айтартықтай үлес қосты. Тұрағұл өлең жазумен қатар аударма жасаумен айналысқан, сонымен қатар өкесі Абайдың шығармаларын жинастырып баспа бетінде жарық көруіне атсалысқан. Тұрағұлдан қалған "Әкем Абай туралы" деген естелік өте құнды.

Абай ел басқаруда көптеген даулы мәселелер жөнінде адал да өділетті шешімдер шығарып халық мұддесіне қызмет етті, прогресшіл көзқарастарға ықпал етті. Сол үшін ру-рудың басшы адамдарына жакпай, қудаланады. Семейдегі басқарушы өкіметке Абайды жамандап жала жапқан арыздар жіберіледі. Осы арыздарды қарау барысында Абай Семейде көптеген патша чи-

новниктерімен, адвокаттармен, тілмаштармен кездеседі. Ол патша сотының заң ережелерімен жақынырақ танысып, патша самодержавиесінің өкімшілік-чиновниктік аппаратының іс-әрекеттерін өз көзімен көреді. Сонымен бірге ол орыс тілін бұрынғыдан да зер сала үйреніп, орыс мәдениетін үйренуге күш салады. Абай қалалық кітаңханаға келіп өзінің ауылына Коржын-Коржын кітаптар алыш қайтып, оқитын.

Осы жылдарда Абай орыстың жер аударылған революционер-демократтарымен танысады. Ақынның дүниетанымының қалыптасуына олардың атқарған ролі аз болған жоқ. Солардың көмегінің арқасында Абайдың білім ауқымы кеңейіп ұлғая берді. Орыс халқының рухани мәдениетінің нағыз бағалы жақтарын танып білді.

Орыстың ойшылдары мен жазушылары М.Ю.Лермонтов, А.С.Пушкин, В.Г.Белинский, Л.Н.Толстой, А.И.Герцен тағы басқаларының мұраларын оқып білді. Ол орысшаға аударылған Батыс авторларының: Гете, Байрон, Спенсер, Спиноза, Дарвин және басқалардың шығармаларын оқып, танысады.

Абай Құнанбаев 1904 жылы туған жерінде қайтыс болып, сүйегі Жидебай деген жерге қойылды. Қазір Жидебайда Абайдың өзі тұрған үйде ақынның өдеби - мемориалдық мұражайы бар.

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ӨМІРІ МЕН
ТВОРЧЕСТВОСЫНА
АРНАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР
КӨРСЕТКІШІ**

Абай шығармалары баспа бетінде бірнеше рет басылып жарық көрді. Ең алғашқы басылым 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Бораганский баспаханасынан шыққан жинақ:

Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі /Бастырған К. Ыскакұлы. -Санкт-Петербург, 1909. - 51 б.

Абай мұрасын тұңғыш бастырушы Кәкітай Ыскакұлы Құнанбаев Абайдың інісінің баласы. Жасында Абайдың қолында тәрбиеленіп, ақындық өнерге бет бүрған, өз заманының білімді азаматы болған. Белгілі қоғам қайраткері Әлихан Бекейхановтың кенесімен Санкт-Петербургтен Ілияс Бораганский баспаханасынан Абай мұрасын тұңғыш рет кітап етіп бастырып шығартты. Бұл жинаққа Абайдың 145 өлеңі мен екі поэмасы, ақынның фотосуреті мен өмірбаяны енген. Кәкітайдың осы жинаққа берген Абайдың өмірбаяны туралы мақаласын жазушы Мұхтар Әуезов өте жоғары бағалаған.

Мұнан кейін Абайдың шығармалары таңдамалы өлеңдер, толық шығармалар, жеке жинақтар болып бірнеше рет басылып шықты. Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында ақын мұрасы 2 томдық толық

ғылыми жинақ болып кайта ба-
сылды.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.
Шығармаларының екі томдық жина-
ғы.-Алматы: Жазушы, 1995.

Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. - 336 б.

Т.2: Поэмалар. Қарасөздер. - 384 б.

Сіздерді осы жинаққа енген
Абай өлеңдерінің ең үздік үлгі-
лерінен қысқаша мағлұмат беріп
және сол өлеңдерден қысқаша
үзінділер келтіре отырып та-
ныстырмакпаз.

Абай акындық өнерге қырық
жастан аскандада құлай беріліп,
өмірінің соңына дейін созылған
жиырма жылдық өдеби қыз-
метінде 170-ке таяу өзінің тума
өлеңдерін, 56 орыс, европа
акындарынан аудармаларын, 46
нақыл қарасөздерін мұра етіп
қалдырды.

Абай поэзиясы түгелімен ли-
рикалық өлеңдерден құралады.
Өлеңдерінде қазақ жерінің, қа-
зактың ұлттық сипатының бей-
нелері айқын елестеп тұрады.

1886 жылы жазылған өлеңі-
нің бірі - "Қалың елім, қазағым,
қайран жұртый". Өлең филосо-
фиялық ой тереңдігі жағынан
акын творчествосындағы теңдесі
жоқ өлең:

*Қалың елім, қазағым, қайран
жұртый,
Ұстарасыз аузына түсті
мұртың.
Жақсы менен жаманды
айырмадың,
Бірі қан, бірі май бол енді екі
ұртың...
Бірлік жоқ, береке жоқ,
шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан
жылқың.*

*Баста ми, қолда малға талас
қылған,
Күш сыйнисқан күндестік
бұзды-ау шырқын.*

Өлең бір халықтың басын-
дагы өткенге де, бүгінге де қа-
тысты қасиет пен қасірет туралы
ашып айтады. Ұлттың бойын-
дагы сордың үлкені - күндестік,
бірін - бірі көре алмау, халқымы-
зы сан рет орга жыққан алауы-
здық. Осыны тереңнен түсінген
кеменгер ақын елді түзеудің ама-
лын карап, тығырықтан шығар
соқпақ іздең, басын тауға, тасқа
соқса да, жол таба алмай, ақыры
елінің ырқынан айрылып, өзгеге
бодан болатынына жаны ашиды,
күніренеді.

Абай лирикасының бір қыры
оның қазақ сахарасының та-
бигатына, пейзажына арналған
өлеңдері.

Өмірдегі, табигаттағы көр-
кемдікті өте нәзік сезініп, ше-
бер бейнелеп айта білетіні 1890
жылы жазған "Жазғытұры" атты
өлеңінде көрініс тапқан. Жыл-
дың осы мезгілінің елге жылы-
лығын айтқанда ақын:

*Жазғытурым қалмайды қыстың
сызы,
Масатыдай құлпырар жердің
жузі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің
көзі
Безендірген жер жузін тәнірім
шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын
төгер
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей устінде аспан
төнер...*

деп, жерді мейірімді анаға, аспанды камкор әкеге теңейді. Жерді ана бейнесінде алып қарау - қазақ халқы ғана емес, басқа елдердің де ой-санасына төн нэрсе.

Осы өлеңінде табиғаттың көктемгі оянуына, құлпыруына нағыз суреткерше қуана білген Абай жер-қалыңдық пен күн-күйеудің мифологиялық образдарын жасады:

*Күн-күйеу, жер-қалыңдық
сагынышты,
Күмары екеуінің сондай
кушті.*

*Күн қырындаң жүргенде көп
қожаңдаң,
Күйеу келді, ай, жұлдыз артын
қысты
Күн-күйеуін жер көксеп ала
қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңлі күн лебіне тойынған
соң,*

*Жер толықсын, түрленер тоты
құстай..."*

Табиғат құбылыстары Абай поэзиясында күнделікті өмірмен, адамдардың күн-көрісі, іс-әрекеттерімен және өз көңіл қүйімен тығыз байланысты келетінін ақынның көптеген өлеңдерінен аңгаруга болады. Дүниежүзі поэзиясының таңдаулы үлгілерімен тең түсетін өлеңі: "Желсіз түнде жарық ай" (1888).

*"Желсіз түнде жарық ай,
Сөулесі суда дірілден.
Ауылдың жаңы - терең сай,
Тасыған озен гүрілден..."*

*Қалың ағаш жапырагы
Сыбырласып өзді-өзі*

*Көрінбей жердің топырағы,
Күлпірған жасыл жер жүзі*

*Тау жаңғырып өн қосып
Үрген ит пен айтакқа,
Келмен пе едің жол тосып,
Жолығуга аулакқа*

*Тайманғамай, тамылжып,
Бір сұнып, бір ысып;
Дем ала амай дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып;*

*Сөз айта алмай, бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі;
Тұрман па еді сүйеніп,
Тамакқа кіріп иегі*

- небәрі 20 жолдан тұрады. Мұнда ауыл табиғатының ғажайып сұлулығын адамның жан сезімінің сұлулығымен үштастырады. Өлеңде ауылдағы тұнгі дауыс-үндер аскан шеберлікпен бейнеленіп анадайдан естілген өзен суының гүрілдегені, жаңғырып естілген малышылардың айғайы, иттердің үруі, махаббаты жарасқан екі жастың тулаған жүректері мен жылы құшағын үштастыра бейнелейді.

Ал қыс, күз мезгілдерін бейнелеген өлендерін оқығанда көңілің жадау тартып, жабыркайды. "Күз" (1888) атты өлеңінде:

*Сүр бұлт түсі суық қаптайды
астап,
Күз болып, дымқыл тұман
жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма,
тоцғаны ма,
Ат ойнап, құлын қашқан, тай
жарасқан.
Жасыл шоп бәйшешек жоқ
бұрынғыдай,
Жастар құлмес, жүгірмес бала
шулай.*

Қайыршы шал-кемпірдей түсі
 кетіп,
 Жапырагынан айрылған ағаш,
 қурай.
 Қай ауылды көрсөң де,
 жабыранқы
 Күлкі-оійн көрінбейді,
 сейіл-серуен
 Кемпір-шал құржан қағып,
 бала бүрсөң...

Өлеңде күздің қураған сұрғылт суреті қайыршы кемпіршал бейнесінде, құлқісіз, көңілсіз өмір ретінде шебер көрсетіледі.

Абай творчествосынан ерекше орын алатын үлкен такырып - оның ағартушылық идеясы. Ақынның мораль философиясы ретінде айтқан көп сөздері адамшылықты сипаттайды. Сондай ойларының көбі жастарға өсиет, ақыл, афоризм сияқты болып көп тараған. Жас буынның тәрбиесіне өзін жауапты деп білген ақын ең алдымен өз заманының жастарына жаңы ашиды. Жастарға арналған өсиет өлеңінің ой жағынан көрнекті біреуі - "Фылым таппай мақтанба" (1886):

Фылым таппай мақтанба,
 Орын таппай баптанба.
 Құмарланып шаттанба,
 Ойнап босқа күлуге

Бес нәрседен қашық бол,
 Бес нәрсеге асық бол
 Адам болам десеніз.

Адам болам деп талпынған жасқа ескеретін ең қажет "бес нәрсе" бар, олар: талап, еңбек, терен ой, қанағат, рахым. Адамның мінезіне "бес дүшпан" бар, олар: өтірік, мақтаншақ, ерін-

шек, бекер мал шашпак деп көрсетеді.

"Жасымда ғылым бар деп ескермедин" (1885), "Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат" (1886), "Интернатта оқып жүр" (1886) т.б. өлеңдерінде елі үшін еңбек етерлік ұлы адам болуды жастарға биік мақсат етуді уағыздайды. Ғылым жолы оңай жол емес, соқпақсыз шаткалды қын жол дей келіп, Абай оған қарамастан талмай еңбек етіп, жастарды уақытын босқа өткізбеуге, өзінің жас кезінде көп оқи алмай, көп нәрсені өткізіп алғанын айтып, өкінеді:

*Жасымда ғылым бар деп
ескермедин,
Пайдасын көре тұра
тексермедин.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Колымды мезгілінен кеш
сермедин.-*

деп жазады 1885 жылы жазылған "Жасымда ғылым бар деп ескермедин" атты өлеңінде.

Қазақтың жеткіншек жастарына нақыл афоризм болып тараған шебер өлең - "Әсемпаз болма өр неге" (1894):

*Әсемпаз болма өр неге
Онерпаз болсан әрқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар қалан...*

Бұл өлең 4 тармақты 6 шумактан тұрады. Ақын адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапқат секілді адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады.

Сонымен қатар Абай өлеңдері - еңбек сүйгіштікке тәрбие-лейтін зор идеялы шығармалар. Дүниеде өмір сұру де, оны білу де, тану да бәрі еңбекпен келетінін уағыздайды. Адам өмірі үшін де ол еңбектің шешуші роль аткаратынын, еңбексіз өмірдің адамды аздыратынын ескертеді:

*"Тамагы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырап адам баласын..."*

Абай өлеңдеріндегі негізгі өлеуметтік мәселелердің бірі - қазақ өйелдерінің жайы, қазақ жастарының махабbat, еркіндік мәселесі. Махабbat, өйел теңдігі тақырыбы жалпы адамгершілік идеясымен қабысып, жастарға ой салып, санасын оятарлық сөз қозғайды.

Абай өз шығармаларында қазақ қызының шынайы бейнесін жасады. Абайдың қаламынан туған қыз бейнесі Пушкин жырлаған орыс қызы да, Гете суреттеген неміс қызы да емес, ақынның өзі көрсеткендей, қазақтың ақ жарқын, үян жүзді, ай бейнелі, піскен алма секілді сұлуындей, өзіне тән тұлғасымен көрінеді.

1889 ж. жазған "Білектей арқасында өрген бұрым" өлеңінде халық үғымындағы қыз сұлулығының негізгі белгілерін тізбектеп келіп, жас арудың сыртқы сымбатын сипаттайды:

*Білектей арқасында өрген
бұрым,*

*Шолпысы сылдыр қағып
журсе ақырын.
Көмшат бөрік, ақ тамак, қара
қасты,
Сулу қыздың көріп не ең
мұндай түрін?*


*Аласы аз қара көзі айнадайып,
Жүрекке ыстық тиіп салған
сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп не ең қыздың
жайын?*

*Бұран бел, бойы сұлу, кішкене
аяқ,
Болады осындағы қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті
қызыды
Боламын да тұрамын
коргендей-ак.*

*Егерде қолың тисе білегіне,
Лұпілден қан соғады жүргегіне.
Бетіңді таяп барсаң тамагына
Шымырлап бу енеді сүйегіне.*

Орыс поэзиясын терең түсінген Абай 1882 жылдан бастап А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, А.Крыловтың бірталай шығармаларын аударады. Оның ең бірінші аудармасы М.Лермонтовтың "Бородино" атты патриоттық өлеңінен үзінді. Әсіресе А.С.Пушкиннің "Евгений Онегині" Абайды аса қызықтырады. Одан аударғаны жеті өлең түрінде берілген. Олар "Татьянаның Онегинге жазған хаты", "Онегиннің Татьянаға жауабы", "Онегиннің сөзі", "Онегиннің Татьянаға жазған хаты" т.б. "Татьяна сөзі" атты аудармасынан үзінді келтірейік:

*Төңірі қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.*



А.Дүзелханов.


Тогжан. 1994ж.



А.Дүзелханов.

Тогжан. 1994г.


A. Duzelkhanov.

Togzhan. 1994.





*Абай туған жер.
Абаевские места.
The Abai places.*



*Ол кезімде бала едім мен,
Аяmasқа бекіт ең.
Талақ етіп бұл галамды,
Болды малім кеткенің.
Кінөсі жоқ жас адамды,
Қатты сокқан не еткенің.*

*Елжіреген жас емес пе ем,
Еппен айтсан ғұбатып.
Мен ғашыққа мас емес пе ем,
Кетсең еді үзатып.*

*Сен-жаралы жолбарыс ең,
Мен-киіктің лагы ем.
Тірі қалдым, өлмей өрең
Қатты батты тырнағын.*

Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні үлкен. Өйткені ең алдымен қазақ жүртшылығы Пушкин, Лермонтов, Толстой, Крылов тәрізді дүниежүзі әдебиетінің ірі тұлғаларымен бірінші рет Абай арқылы танысты. Екінші, өзінің зор талант, асқан шеберлігінің арқасында, ұлы ақындардың ұлы еңбектеріндегі үлкен идея, сұктанар сұлулықты қазақ оқушыларының ой-сезіміне жеткізе аудара біліп, оларға жалпы қазақ халқының жүргегінен жылы орын өперді. Оларды қазакқа өз ақындарындағы сүйгізді. "Татьянаның хаты", "Қаранды түнде тау қалғып...", "Қанжар", "Жалғыз жалау жалтылдан" өлеңдерін білмейтін қазақ аз шығар. Сөйтіп Абайдың аудармалары басқа халықтар өдебиеті, мәдениеті мен қазақ жүртшылығы арасында дәнекер болды.

Абай - өз заманының биік парасат иесі ғана емес, бүтінгі заман қайшылықтарын шешутеде он бағыт берген биік тұлға. Оның гуманистік идеясы тек

өлеңдерінде ғана емес қара сөздерінде де терең философиялық толғаныспен көрініс та пкан:

Абай. Қарасөз.- Алматы: "Ел" бүросы, 1995.-220 б.

Ақынның 1890-1898 жылдағаралығында жазған қарасөзде рінің жалпы саны 46 бөлек шығарма. Осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінше бір бөлек, бір алуаны болып саналады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стиль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселе-леріне арналған өсиет, толғау секілді. Бұл шығармаларда Абай өзінің окушыларымен өңгімелесіп, жұзбе-жұз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырган ойшыл ұстаз тәрізденеді. Барлық қарасөздерін шартты түрде сараласақ он-он бір тақырып айналасында топтастыруға болады. Олар дін мен мораль, халық, ел басқару, үрпақ тәрбиесі т.б.

"Бірінші сөзінде" Абай жазуға кіріскендегі мақсатын айтады. Осы сөзінде ақынның айтпак ойының өміршенждігі бүтінгі заманмен үндестігіне таң қаласыз. "...Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе өз

сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым". - дейді.

Бүтінде Л.Н.Толстойды оқымай орысты, О.Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу де сондай қын. Қазақ кім, Абай кім деген сауалға Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясын оқымай жауап табу қын.

Әуезов М.О. Абай жолы: Роман-эпопея.-Алматы: Жеті жарғы, 1997

1-ші кітап.- 318 б.

2-ші кітап.- 350 б.

3-ші кітап.- 318 б.

4-ші кітап.- 316 б.

Осы төрт том "Абай жолы" арқылы Әуезов бүкіл дүние жүзіне қазақ халқының ұлылығын, оның өткен өмірін, мінезін, дәстүрін ғажайып көркем тілмен жарқыратып, жан-жақты танытып, түсіндіріп берді.

Романның басты кейіпкері - Абай. Суретtelген ақын өмірінің елу жылында 19-ғасырдың 2-ші жартысындағы қазақ тіршілігі, оның қылы тағдыры көз алдымыздан өтіп жатады. Алғашқы кітапта адам, азамат ретінде қалыптасқан Абай кейінгі кітаптарда ақын, өнер адамы, қайраткер ретінде өсіп, ел қамкоры, ұстазы, ақылгөй данасы деңгейіне көтеріледі. "Абай жолы" арқылы қазақ прозасы дүние жүзі классикалық әдебиеті қатарына шықты. М.Әуезовтің бұл еңбегі 1956 жылы ССРО мемлекеттік сыйлығына ие болса, 1959 жылы Лениндік сыйлыққа ие болды. Француз жазушысы Луи

Арагон роман-эпопея туралы "...әлемнің басқа елдерінде д онымен тен түсетін шығарма та бу қын, бұл менің ойымша Х ғасырдағы ең үздік шығарма лардың бірі", - деп баға берген.

Абайдың өмірбаянын, шы гармашылығын Мұхтар Әуезо терең зерттеді. Абай жөніндө баспа бетінде, қағазға жазылған мәліметтер өте аз, тіпті жоқ та еді. Сондықтан М.Әуезов Абайды көрген, араласқан адамдардың ауызша айтқан естеліктерін жинастырып, сол арқылы үль ақынның бізге жеткен өмірбаянын жазды. Мұхтар Әуезовтің әр жылдарда Абай туралы жазға зерттеулерін:

Әуезов М. Абай Қунанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалац /Кұраст. Н.Ақбаев.- Алматы: Санат 1995.-320 б.

- атты кітаптан оқып таныса аласыздар. Бұл кітап Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналып қайта басылып шығарылды. Жинақта Абайдың толық өмірбаяны, ақынның жас шағындағы шығармалары, лирика, поэма, аудармалары, сондай-ак Абайдың ақын ұлдары Ақылбай мен Мағауияның шығармалары туралы Мұхтар Әуезовтің зерттеулері енгізілген.

Ұлы ақын Абайдың көп қырлы творчестволық және ағартушылық қызметінің елеулі бөлігі оның музикалық мұрасы болып табылады:

Абай өндөрі /Кұраст.Б.Физатов.- Алматы : Өнер,1994.-79 б.

Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі - олардың халық жүрегінде сакталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында.

Қазақтың халық музыкасын жинаушы А.Затаевич 1925 ж. Абайдың бірнеше өнін нотаға түсіріп, жариялады. 1930 жылдарда композиторлар Б.Ерзаковиң пен Л.Хамиди Абайдың 16 өнін нотаға түсірді. Қазіргі уақытта ақын-композитордың 27 өні жөне оның 36 нұсқасы нотаға түсірілген.

Замандастарының бізге жеткізген естеліктері бойынша Абай домбыраны жақсы тартқан, бірнеше күйдің де авторы, олар "Май тұні", "Тор-жорға", "Абай желдірмесі".

Абай кешкен өмірді, Абай қалдырған мұраны зерттеу жылдан жыл өткен сайын ұлғайып, мазмұны терендеп барады. Сондай зерттеулердің бірі:

Есімов Ф. Ҳакім Абай: Даналық дүниетанымы.-Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.-200 б.

Автор бұл кітабында заманымыздың ұлы ойшылы Абайдың дүниетанымын, данышпандық ойларын саралау, салмақтау үшін Анахарсистен Абайға дейінгі аралықтағы халқымыздың мәдени кеңістігіне шолу жасап, Анахарсис, Майқы би, Иоллытегін, Жұсіп Баласағұни, Ахмет Иассаудың әрқайсысының жеке-

жеке дүниетанымы мен тағдырына тоқталады.

Герменевтика тәсілімен зерттелген бұл кітабында автор Абай философиясының жалпы мөселелерін ашқанда өлеңдерінің жеңе жолдарын түсіндіруге тырысады. Абайдың басқа ақындардан артықшылығы ол өлеңдерін философияға құрды деп пікір айта отырып, Абай ойларының рухын түсіну үшін терең философиялық ұғымдарды түсіну керек теп тұжырымдайды.

Абай болмыстың уақытша өтпелі мөселелеріне аландамай жалпы адамзаттың өзекті проблемаларына баса назар аударған, осылардың негізінде философиялық ойлар толғаған. Абай адамға қазақ этносының тұрғысынан ғана емес, бүкіл әлемдік масштабтан қарайды.

Қазақ елі Абайдың 100, 125 жылдық мерейтойларын ерекше салтанатпен атап өткен болатын. 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүние жүзінің 25 елінде аталып өтілді. Ақынның өлеңдері, қарасөздері 6 миллион данамен дүние жүзінің 18 жұртының тіліне аударылды.

Осы мерейтой тұсында қазақ елі "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясы дайындалған Абай: Энциклопедия.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, Атамұра.-1995.-720 б.

- атты ғылыми еңбекпен қауышты.

Атаптап көлемді де құрделі еңбек - Қазақстан ғана емес,

бүкіл Орта Азия республикалары тарихында алғаш шығарылып отырылған жеке мәдениет, әдебиет қайраткеріне арналған энциклопедиялық басылым. Кітап қазақ халқының ұлы ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының өмірі мен ақындық жолына жанжакты шолу жасап, әдеби мұрасын гылыми түрғыдан талдауды мақсат еткен. Энциклопедияны жасауда белгілі абайтанушы ғалымдар мен зерттеушілер қатыстырылды. Энциклопедия сөзтізбегіне 2 мыңға тарта атау енгізіліп, талданған.

Мерейтой қарсаңына шықкан құнды кітаптың бірі:

Оразалинов С.Ш. Абай елі: Альбом-шежіре.-Алматы: Өнер, 1995.-276 б.-Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

Бұл альбом - шежіре қазақ халқының ұлы ақыны, өрі ойшылы Абайдың шығармашылығы мен өміріне қатысты оқиғалардан мол мағлұмат беретін Шыңғыстау өнірі мен Семей қаласындағы тарихи ескерткіштер, табиғат көріністері, ежелгі өнерпаз елдің бүтінгі рухани, мәдени түрмис-тіршілігі жайында шежірелі сыр шертеді. Түрлі-түсті суреттер Абай, Шәкөрім, Мұхтар сынды асыл перзенттерді дүниеге әкелген қасиетті Семей өнірінен сыр шертеді.

Ақын мерейтойы өткеннен соң қорытынды сөз ретінде "Абай туралы сөз" атты жинақ жарық көрді.

Абай туралы сөз: (Ұлы Абайдың 150 жылдық тойындағы ой-толға-

ныстар). -Алматы: Журналист, 1996. - 136 б.

Жинақ Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың салтанатты мәжілісте жасаған "Абай туралы сөз" атты баяндамасымен ашылады. Ел басшысының баяндамасын ой жіберіп оқыған адам "Абай туралы сөз" - халық туралы сөз екеніне көз жеткізе алады. Сондай-ақ жинаққа ЮНЕСКО-ның бас директоры, испан ақыны Федерико Майордың, қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың, башқұрт жазушысы М.Кәрімнің, академиктер З.Ахметов, Ж.Әбділдин, М.Қозыбаев, К.Сағадиев, білім және мәдениет министрі И.Тасмағамбетовтың сөйлеген сөздері енген.



Абай тойына келген қадірлі қонақтардың бірі - ЮНЕСКО-ның Бас директоры, испан ақыны Федерико Майор былай деген еді: "Абай туған қасиетті топырақты басып тұрып, оның ұлагаты мол асыл сөздерінің шынайы мән-мағынасын бүгін ерекше сезініп, жан-тәніммен үқым десем жалған сыпайгершілікке баламаңыздар. Менің санама Абайдың келешек үрпак үшін мәнді сөз қалдырып, өзі мұрат еткен іске бар ғұмырын неліктен сарп еткенін, осы жолда өзін аяусыз қинап, махабbat пен достық, адалдық пен тәзімділік, иә бір-бірімізге сүйіспен-шілік сынды ұлы қасиеттерді ең әсерлі сөздермен өдемі өрнектеп, ел - жұртына дарытпақ болған ізгі ниетін де тап бүгін түсіндім..."

Бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанда, Абай қазақ халқының ақыны ғана емес, әлдекайда кең ау-қымда қабылданады. Ол көркем ойдың әлемдік тұрғыдағы құдіреті! Адамзат қауымының ой деңгейін шырқау биікке көтерген орасан зор еңбегі үшін Абай Құнанбаевтың рухына ЮНЕСКО үйымының атынан аса тәнті сезіммен ризалық білдіремін". - деген еді.

Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойына арнап Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы "Абай Құнанбаев" атты көрсеткіш дайындалды.

Абай Құнанбаев: Библиографиялық көрсеткіш. - Алматы, 1995. - 303 б.


Абай шығармаларын, оның ақындық мұрасын зерттеу еңбектерімен кеңінен таныссам деген оқырмандар аталған көрсеткішті пайдалана алады. Көрсеткіш Абай шығармалары және ол туралы еңбектер атты екі үлкен бөлімнен тұрады. Бөлімдер ішінде материал Абайдың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты көрсететін түрлі тақырыптарға орналастырылған. Оқырманның пайдалануына тиімді болу үшін көрсеткіш Абай шығармаларының алфавиттік көрсеткіші, макалалар мен еңбектердің авторларының есім көрсеткіші, басылымдар аттары деген қосымша көмекші көрсеткіштермен жабдықталған.



*Абай өлеңдерінің тұнғыш жинағы
(Санкт-Петербург 1909ж.).*

*Первое издание произведений Абая
(Санкт-Петербург 1909г.).*

*First edition of Abai's works
(St.-Petersburg, 1909).*



ВЛАСТИТЕЛЬ ДУМ - АБАЙ

Абай - этим именем называет казахский народ своего великого поэта, философа, композитора, переводчика, политического деятеля Ибрагима Кунанбаева.

Абай родился 10 августа 1845 года в Шынгысских горах Семипалатинской области в кочевьях рода Тобыкты.

Отец его, Кунанбай Ускенбаев, был крупным феодалом, аткаминером (старейшиной) рода Иргизбай племени Тобыкты, ага-султаном Каркаралинского округа. Кунанбай за свою долгую жизнь занимал различные должности. Он был неизуярдной личностью, в народной памяти о нем сохранилось множество рассказов-легенд. Отец Абая дал большое влияние на формирование личности юного Абая.

Известный польский путешественник и географ А. Янушкевичставил о Кунанбае интересные воспоминания: "Кунанбай - это большая знаменитость в степи. Сын простого казаха, одаренный от природы здравым рассудком, удивительной памятью и даром речи, дальний, заботливый о благе своих соплеменников, большой шаток степного права и предписаний алкорана, прекрасно знающий все российские уставы, касающиеся казахов, судья неподкупной честности и примерный мусульман..."¹

Кунанбай был известен не только как крупный правитель, справедливый и суровый, но и большой дратор - шешен. Это качество це-

¹ А. Янушкевич. Дневники и письма. - Алма-Ата, 1966.- 62-63.

ценилось у казахов особенно высоко. Интересны свидетельства о красноречии отца Абая: "Кунанбай - это ну просто машина для говорения, часы, которые только тогда не идут, когда не заведены. Как только проснется, пускает в ход свой язык и говорит неустанно, пока не заснет... на каждые три слова цитата из шариата, а память у него такая удивительная, что все указы и распоряжения правительства приводит, будто по книжке читает."²

Мать Абая Улжан происходила из рода знаменитого бия Бертыса. Она была второй женой Кунанбая. У Кунанбая и Улжан были сыновья Танирберген, Ибрагим (Абай), Исхак и Оспан. К счастью для Абая, его мать Улжан была женщиной замечательных качеств. Ее природная доброта, сдержанность, рассудительность и горячая любовь к детям создавали для них редкий в таких семьях уют. Она всегда выделяла своего второго сына из числа остальных детей, и имя его - Ибрагим, данное отцом, заменила ласкательным Абай (осмотрительный, вдумчивый). Это имя так и осталось за ее сыном на всю его жизнь.

Огромную роль в воспитании Абая, в приобщении его к духовным ценностям казахского народа сыграла мягкосердечная и мудрая бабушка Зере.

Абай получил начальное образование в родном ауле, затем девятилетним был отдан в медресе семипалатинского имама Ахмет Ри-

² А. Янушкевич. Дневники и письма.- Алма-Ата, 1966.- с.184.

зы. Здесь он учился три года. В эти же годы, наряду с учебой в медресе, Абай занялся изучением трудов великих классиков Востока.

*"Шамси, Саади, Физули,
Хафиз, Навои, Сайхали,
Фирдоуси, - молодому поэту,
Великие, вы помогли!"*

- так писал Абай о тех мыслителях и великих поэтах, кто оказал огромное воздействие на становление его личности, на его творчество. Среди его ранних произведений, кроме стихов-экспромтов созданных в стиле народной поэзии, много стихов, написанных под влиянием восточной классической поэзии.

Вместе с тягой к изучению восточной поэзии, в молодом Абай пробудился интерес к русскому языку, к русской культуре. Нарушая суровый устав медресе, Абай самовольно стал посещать также и русскую школу.

После этой довольно короткой учебы Абай выучился арабскому персидскому, чагатайскому, русскому языкам, освоил начало великих культур Востока и Запада и потом всю жизнь занимался самообразованием.

Абай рано сформировался как поэт, новаторство его поэтического дарования берег начало, как отметил классик казахской литературы Мухтар Ауэзов, от трех великих источников: во-первых - это древняя казахская культура, во-вторых - лучшие образцы восточной культуры и третий источник - это русская, а через нее и мировая культура.

"Первый поэт казахов - Абай Кунанбаев. Ни в раннем, ни в позднем периоде истории казахов не известно имя поэта, превосходящего его по величию духа" - писал о нем в 1913 году А.Байтурсынов.

Но до того, как посвятить себя полностью поэзии, Абай вынужден был, по велению отца, заняться общественной деятельностью. В беспрерывной борьбе за власть над родом, которую вела степная знать, Кунанбай нажил себе множество врагов, и ему нужно было готовить к этой борьбе своих детей и родственников. Поэтому, не дав Абаю закончить ученье в городе, отец вернул его в аул и решил постепенно научить умению вести дела, разбирать феодально-родовые тяжбы, всевозможные споры, жалобы в аулах, чтобы сделать из Абая влиятельного правителя-бия.

Постоянное присутствие Абая при разборе тяжб, где нередко на словесных турнирах приходилось слышать отточенное красноречие, изворотливость, логику отдельных талантливых биев-ораторов, частые разъезды по аулам в качестве посланника отца были небесполезны для будущего поэта. А Букейханов писал: "К 20 годам своей жизни Абай стяжал славу первого оратора (шешен), первого знатока народной жизни, ее юридических обычаев, знал на память многочисленные решения разнообразных дел знаменитыми биями Киргизской степи и, благодаря своим сгarrаниям знать и необычной своей памяти, представлял ходячий сборник народных преданий, пословиц,

сказок и афоризмов, созданных мудрецами Киргизской степи."³

Абай не хотел больше мириться с беззаконием, с жестокими традициями патриархальщины и стал искать пути развития своего народа, выхода его из состояния экономического и духовного застоя. Средством общественного развития Абай считал распространение просвещения, знаний, культуры. Постепенно он отошел от административно-политической деятельности и целиком занялся самообразованием.

Абаю в это время было двадцать восемь лет. Его новыми друзьями становятся акыны, певцы-импровизаторы, талантливая казахская молодежь, по преимуществу из незнатного рода, и лучшие представители русской интеллигенции того времени, с которыми он встречался в Семипалатинске: Е.П.Михаэлис, Н.И. Долгополов, А.А.Леонтьев, С.С. Гросс. Знакомство с ними вскоре перешло в большую дружбу и дало многое Абаю в расширении его знаний о русской культуре. В эти же годы Абай изучал творчество Гете, Байрона, читал труды Спенсера, Спинозы, Льюиса, Дарвина, Дрепера, Бокля.

На тридцать пятом году жизни Абай вновь возвращается к поэзии. Но свои стихи распространяет под именами своих друзей. Только летом 1886 года, когда Абаю минуло сорок лет, написав прекрасное стихотворение "Лето", он впервые

³Букейхан А. Избраниое.-Алматы,1995.-С.308.

решился поставить под ним свое имя.

Абай создает многочисленные лирические стихотворения, несколько реалистических поэм и книги философских назиданий.

Абай стремится познакомить казахского читателя с образцами русской и зарубежной классики, расширить его кругозор, развить эстетический вкус. В течение пятнадцати лет Абай перевел с русского языка на казахский более пятидесяти произведений русских писателей. Это семь отрывков из "Евгения Онегина" А.С.Пушкина, двадцать восемь стихотворений М.Ю.Лермонтова, двенадцать басен И.А.Крылова и несколько произведений других поэтов. Пользуясь русскими переводами, Абай перевел на казахский язык некоторые стихотворения Байрона, Шиллера, Гете и Мицкевича.

Абай был известен также как талантливый и оригинальный композитор. Им создана около двух десятков мелодий, которые популярны и любимы и в наши дни.

Произведения поэта переписывались и передавались из уст в уста. На многих народных сборищах, тоях, свадебных празднествах исполнялись его песни, цитировались слова из "Назиданий".

Завистливая, коварная и невежественная среда богачей-баев не могла мириться с той невиданной славой, которую получило в народе имя Абая, и они ненавидели поэта, боялись его влияния на людей, организовывали травлю, вплоть до установления негласного полицейского надзора.

В этой мрачной атмосфере злобы и ненависти тяжелой и неправимой угратой явилась для Абая смерть его сыновей Абдрахмана - наследника его дел, образованного и талантливого человека, который получив образование в Петербурге, служил в качестве пурчика полевой артиллерии в городе Верном и другого сына Магауи - талантливого поэта. Горе значительно подорвало здоровье Абая.

Раздавленный смертью сыновей и упавший духом Абай, отвергнув всякое лечение своего недуга, умер в родных степях на шестидесятом году своей жизни.

Абай был похоронен 23 июня 1904 года недалеко от Шынгысских гор в Жидебае.

Абай выразил душу и характер нации, взлеты и падения общества, явил собою целую эпоху реалистического живительного искусства. Абай - гордость казахского народа, его национальный гений, непреходящее, вечно живое явление, источник духовной пищи для грядущих поколений.

*В душу взглядись поглубже, сам
собою побудь.*

*Я для тебя загадка, я и мой путь.
Знай, потомок, дорогу я для тебя
открывал
Против тысяч сражался -
не обессудь.*

**РЕКОМЕНДАТЕЛЬНЫЙ СПИСОК
ЛИТЕРАТУРЫ
О ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВЕ
АБАЯ КУНАНБАЕВА**

Поэтическое наследие и переводы Абая, а им создано около 170 стихотворений и 56 переводов, написаны поэмы, "Слова назидания", быстро распространялись в народе в рукописной и устной форме.

При жизни поэта были изданы только два стихотворения на русском языке "Лето" и "Вот я стал волостным", напечатанные в официальном органе генерал-губернаторства Степного края в 1889 году.

Впервые отдельным изданием произведения Абая под названием "Стихи казахского поэта Абая Кунанбаева" были изданы в 1909 году в Санкт-Петербурге. Это издание включало только две трети стихов поэта, имело небольшое предисловие, которое содержало краткие биографические сведения и самые общие замечания о творчестве и взглядах Абая.

В 1914 году был издан "Восточный сборник", посвященный памяти Н. В. Веселовского, куда были включены среди других произведений и стихотворения Абая.

В 1918 году вышел специальный журнал "Абай", в котором была дана оценка творчеству поэта.

Затем произведения Абая были изданы в Уфе, Казани, Оренбурге, Ташкенте.

Ныне на русский язык переведено почти все, что создано великим поэтом за недолгую, полную драматических перепадов жизнь.

Благодаря тому, что 150 - летний юбилей великого казахского писателя по решению ЮНЕСКО отмечался в мировом масштабе, произведения Абая были переведены на многие языки.

В Казахстане к юбилею Абая было издано на казахском языке двухтомное академическое издание произведений, вышли прекрасные изданные фотоальбомы "Абай елі" - "На земле Абая" (Алматы Энер, 1995), "Абай тойы" - "Юбилей Абая" (Алма-ты: Атамұра, 1996), "Абай өуендері" - "Песнь Абая" (Алматы: Кайнар 1995) и впервые в истории казахской литературы - энциклопедия "Абай" (Алматы: Атамұра 1995).

К юбилейной дате великого казахского поэта были выпущены и прекрасные издания на русском языке.

Абай. "Свою судьбу от мира не таю...". - Алматы: КРАМДС -Ахмет Яссауи, 1995.- 307 с.

"Памяти великого Абая. Нурсултан Назарбаев" - с таким посвящением вышел этот сборник Абая. Данная книга не только прекрасное полиграфическое издание, но и по содержанию представляет собой одно из лучших изданий произведений Абая. Ценность этого сборника в том, что здесь представлены оригиналы и их переводы.

Читатель может прочесть произведения Абая на казахском языке и познакомиться с разными вариантами их перевода на русский язык, а также произведения Пушкина, Лермонтова, Крылова, Бай-

Байрона, Гете, Мицкевича, Шиллера в оригинале и в переводе Абая.

Назидания Абая даны в переводе В.Шкловского. В разделе "Напевы Абая" напечатаны самые любимые казахским народом три песни Абая "Қаранды күнде тау калғып" (обр. Т.Мухамеджанова), "Көзімнің қарасы" (обр. Л.Хамиди), "Айттым сәлем, қаламқас" (обр. Л.Хамиди) с нотами.

Абай. Стихи: Переводы русских поэтов. -Алматы: Фылым, 1995 -207 с.

